

Алматы қаласының білім беру ұйымына атау беру туралы

Алматы қаласы мәслихатының 2016 жылғы 15 қарашадағы № 52 және Алматы қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 4/544 бірлескен шешімі мен қаулысы

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес және Алматы қаласының ономастика комиссиясының 2016 жылғы 20 қазандағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ** ЕТТІ:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 168 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қасыл Қатықбаеваның есімі берілсін.

2. Республикалық ономастика комиссиясының қарауына Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 168 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қасыл Қатықбаеваның есімін беру жөнінде ұсыныс енгізілсін.

3. Осы әкімдік қаулысы мен мәслихат шешімінің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Х. Есеноваға және Алматы қаласы әкімінің орынбасары А. Қырықбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі
Б. Байбек

VI сайланған Алматы
қаласымәслихаты X сессиясының
төрайымы
Р. Бадаева

VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы
Қ. Қазанбаев